

Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

Медицина факультеті

Стоматология кафедрасы

ТЕРАПИЯЛЫҚ СТОМАТОЛОГИЯ ПӘНІ
БОЙЫНША ЛЕКЦИЯ САБАҚТАРЫНЫҢ МӘТІНІ

Дәріс 3

Түбірлік периодонтиттің этиологиясы және патогенезі. Патологиялық анатомиясы. Периодонтиттің жіктелуі. Клиникасы, диагностикасы.

Периодонтиттің дифференциалды диагностикасы.

Периодонтит – тіс жегінің асқынуы салдарынан, тіс ұлпасы мен тістің альвеола өсіндісіндегі байланысының бұзылуы. Тіс қозғалмалы, «өсіп кеткен тіс» симптомы, тиіп кеткенде қатты ауру сезімімен сипатталады. Дене қызуы жоғарылайды. Егер периодонтит ауру сезімсіз болса, түбір айналасындағы сүйектің сорылуы салдарынан тіс айналасында гранулема (түбір ұшындағы қапшық) – киста (үлкен қуыс) пайда болады. Егер ауыз қуысында бірнеше периодонтитпен зақымданған тіс болса, онда адамның ішкі ағзасында бірнеше өзгерістер орын алады: бүйректе (гломерула), жүректе (ревматизм), буындарда (ревматизм).

Тіс қуысы ашылады, түбір өзектері арнайы инелермен, антисептиктермен, ультрадыбысты аппараттармен өңделеді.

Периодонтитті емдеу бірнеше этаптан тұрады.

Периодонтит кезіндегі симптомдар:

- *қатты ауру сезім
- * өсіп кеткен тіс симптомы
- * тістесу кезіндегі ауру сезім

Бұл тіс ұяшығы мен тіс түбірі арасындағы жұмсақ тіндерде жүретін қабыну аурулары.

Периодонтит инфекциялық және инфекциялық емес болуы мүмкін. Инфекциялық емес түріне жедел ағымды немесе созылмалы жарақаттан-жарақатық, тіс емдегенде қойылған дәрі-дәрмектен болған медикаментоздық периодонттер жатады.

Инфекцияның ену жолы мен патологиялық ошақтың орнына байланысты түбір ұшының және маргиналдык периодонтиттер болады.

Инфекция периодонтқа әртүрлі жолмен енеді. Жиі инфекция көзі өлген ұлпа тіндері болады. Яғни тамақты шайнағанда немесе асқынған тісжегіні емдеу кезінде түбір инесімен іріңді әрі қарай периодонтқа итеріп жіберуден микрофлора периодонтқа өтеді де периодонтит дамиды.

Жедел ағымды серозды периодонтит

Жедел ағымды периодонтиттің біріншілік кезеңі болып табылады. Науқас тісінің өздігінен қатты ауыратынына, тісті басқанда ауыру сезімі күшейіп, басқа тістерден биіктеген сезіміне шағымданады. Ауру сезімі таралмайтындықтан науқас ауырған тісін дәл көрсете алады. Ал шайнағанда ауыру сезімі күшейетін болса да, егер науқас тісін тістестіріп біраз уақыт тұрса ауырғаны жайлап басылады.

Объективті: жақасты немесе иекасты лимфа түйіндері өзгермеген, кейде сәл үлкейіп ауыру сезімі болуы мүмкін. Ауырған тіс маңындағы тіндер өзгермейді. Тісте жиі тісжегі қуысы, кейде пломба болады. Перкуссия тіке ауыру сезімін туғызады, ал бүйірден қағып тексергенде ауырмайды.

Патологиялық анатомиясы: түбір ұшы, периодонт қызарып қалыңдаған. микроскопта гиперемия, ісінуі және сәл лейкоцитарлық инфильтрация көрінеді.

Емі – консервативті.



Маргинальді періодонтит

Периодонтиттің клиникасы

- еріннің ісінуі
- ұрттың ісінуі
- қызылиектің ұлғаюы
- тіс қозғалғыш
- жағымсыз иіс
- жыланкөздің болуы



Жарақаттар:

А) бір мезетте: (соққы, ұлпаның экстирпациясы кезіндегі периодонттың жарақаты)

Б) созылмалы жарақат (мунштукпен темекі шегу, жіпті тістеу, қаламсап тістеу, биік сапасыз пломба)

2. Медикаменттер:

А) тітіркендіретін әсері бар медикаменттер(формалин , күшәла сықпасы)

Салыстырмалы диагностикасы

Клиникалық көрінісі	Жедел пульпит	Жедел апикальді периодонтит	Жедел апикальді абсцесс	Созылмалы пульпит
анамнез	Ыстық-суыққа ауырады	Тістегенде әрдайым ауырады	Әрдайым ауырады және ісінеді	Себепсіз ауырады, қоздырғыштардан ауру сезімі күшейеді.
Қарап тексеру	Тіс жегі қуысы, үлкен пломба	Тіс жегі қуысы, пломба, тістің түсі өзгерген	Өтпелі қатпарда және түбір ұшында ісік болады	Тіс жегі қуысы және үлкен пломба



Назарларыңызға рахмет!